

**"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 шілдедегі №211 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 118 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 мамырда № 4733 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 64 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 19.03.2019 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 211 қаулысына (2016 жылғы 31 тамыз Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3879 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына келісті жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялау

және Эталондық бақылау банкіне қосу үшін оның көшірмесін қағаз және электрондық нұсқада қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы қаулы ресми жариялағаннан кейін оны "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Аққайың ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Аққайың ауданының әкімі*

*Д. Байтөлешов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Аққайың аудандық

мәслихаттың хатшысы

\_\_\_\_\_ С.Ө. Мұқанов

2018 жылғы "14" мамыр

Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 14 мамырдағы  
№ 118 қаулысына қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы "27" шілдедегі  
№ 211 қаулысына қосымша

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдырының тізбесі**

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

дәрігер;

мейірбике;

емдәм бикесі.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің басшысы;

қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші;

жұмыспен қамту орталығының басшысы;

жұмыспен қамту орталығы құрылымдық бөлімшесінің маманы;

ассистент.

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеменің басшысы;

мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

мектепке дейінгі білім ұйымы мемлекеттік мекеме басшысы;

мектепке дейінгі білім ұйымы қазыналық кәсіпорынның басшысы;

мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері - жоғары, орта, деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

әлеуметтік педагог;

психолог;

тәрбиеші;

музыкалық жетекші;

мемлекеттік мекеме әдістемелік кабинетінің жетекшісі;

әдіскер;

шебер;

вожатый;

кітапхана меңгерушісі;

шеберхана меңгерушісі.

Логопед;

Бастауыш әскери дайындығының тәрбиеші-ұйымдастырушысы

Дене шынықтыру бойынша инструктор.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеменің басшысы;

мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы;

ауылдық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлім басшысы;

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің бөлім басшысы;  
аудандық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлім басшысы;  
кітапхананың меңгерушісі;  
көркемдік жетекші;  
әдіскер;  
кітапханашы;  
библиограф;  
режиссер;  
аккомпаниатор;  
мәдени ұйымдастырушы;  
хореограф.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

нұсқаушы;  
шебер;  
әдіскер;  
жаттықтырушы.

6. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

ветеринариялық стансаның басшысы;  
ветеринариялық станса басшысының орынбасары  
ветеринарлық дәрігер;  
зертханашы;  
малды жасанды ұрықтандыру техникі;  
тұқымдық ісі бойынша техник;  
ветеринарлық фельдшер.